

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ
ЖӘНЕ
ПОСТСЕКУЛЯРИЗАЦИЯ
ҮДЕРІСТЕРІНІҢ
ДІНИ КЕҢІСТІКТЕГІ
РӨЛІ**

Қазақстанның тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр толып отыр. Осы орайда еліміздің рухани саласында орын алып отырған діни үдерістер мен үрдістер назар аударалық өзгерістермен толықтырылды. Діни саладағы негізгі жаңалықтар қоғамымыздағы өзекті мәселенің бірі болып отырғаны шындық. Қазақстан геосаяси тұрғыдан алғанда алпауыт мемлекеттердің ортасында, Азия мен Еуропаның жанасқан жерінде тұрғандықтан біздің елдің аумағында ірі әлемдік діндер ислам және христиандық, сонымен қатар басқа да ірілі-ұсақты конфессиялардың орын тебуі түсінікті жайт. Қазақстан поликонфессиялы және көпұлтты мемлекет болғандықтан қоғамдағы тұрақтылық, дінаралық келісім, халықтар достастығы еліміздің даму жолындағы ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік күн тәртібінен түспейтін мәселе. Көп этносты егемен Қазақстанның заман ауқымына қарай дамып, қалыптасу жағдайында рухани саладағы құндылықтарды сақтап қалып, ұлттық ділге берік болып, ата-баба мұратын жалғастыруы мен ұрпақ алдындағы борышын адал атқаруында тіл, салт-дәстүр, дін секілді рухани құндылықтарын кіршіксіз таза күйінде жеткізу міндеті тұрғаны аян. Кез келген адами органың, қоғамдық саланың руханиятын құратын, адамзат қоғамының бастапқы кезеңінен бастап жалғасып келе жатқан ілім, қоғамдық сананың бір формасы дін еді. Кеңестік жүйе мен коммунистік партия қанша тыйым салып баққанымен осы кезеңге үзіле жаздап барып жеткен рухани тамырдың бір көрінісі ретінде қайта жаңғырып, қоғамнан өз ролі мен беделіне орай қоғамдық ортадан орнын тапқан құндылықтың бірі дін болып табылады. Ескі қоғамдық сана келмеске кетіп, оның орнына жаңа сарындағы бағыттылыққа бет бұру, жаңа жүйе қалыптастыруда дін мәселесінің орны мен өзектілігі айқындала түсті. Себебі, діни мәселелер осы заманғы қоғамның рухани өмірінде барынша жетекші роль атқаруда және қазіргі кезде ерекше маңызды болып отыр. Қалыптасқан діни плюрализм мен дінге деген қоғамдық қызығушылық біздің елімізде мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуін өзекті мәселеге айналдырып, саяси және идеялық қарама-қарсылық туындап отырған біршама сұрақтарды тудыруда [1].

Жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық және мемлекеттік тұтастығын сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төл

мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып білу, ұлттық бет-бейнемізді, ділімізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды аманат ретінде қалдыру заман талабы. Бұл жайлы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [2], – деп атап көрсетті.

Қазіргі таңда діннің ролінің күшейе түсуі тарихи құбылыс ретінде белгілі бір заңдылыққа негізделіп отыр. XX ғасырдағы дін өзінің өзектілігін жойып, секуляризация мен сциентизм өзінің өміршеңдігін әйгілейді деген теория негізсіз болып табылып, оның жалаң гипотеза екендігі дәлелдену үстінде. Осыған орай оқырманға кейіннен белгілі бола бастаған және қазіргі таңда өзекті болып отырған постсекуляризм ұғымы қалыптасты. Оның қандай үдеріс екендігі мен діннің болашақтағы алар мәртебесі мен ролі жайлы біршама ғылыми теориялар орын алып отыр.

«Постсекулярлы» термині жалпы мағынада айтатын болсақ, әдетте діннің қоғамдағы, жеке адам өміріндегі ролінің күшеюі үдерісімен байланыстырылады. Бұл орайда діннің саясатқа өз ықпалын тигізер жеке институт ретінде алға шығуы, діндарлықтың халық арасында күшейе түсуі, діни институттардың қоғам өміріне әсерінің ұлғаюы, жалпы дінге деген қызығушылықтың дами бастауы жайлы айтуға болады.

Постсекулярлы ұғымы негізінен секулярлықтан кейінгі деген түсінікке негізделгенімен, оның нақты анықтамасын тап басып айқындау біршама қиындықтар тудырады. Бұл терминді қолданған немесе естіген кезде оқырманның ойында секулярлықтан кейінгі, секулярлыққа қарсы немесе бейсекулярлық деген сияқты әртүрлі дүдәмал ойлар туындауы заңды. Себебі, осы кезге дейін оның нақты, деректі анықтамасы әлі нақтылану үстінде, әрі қазіргі діннің қоғамдағы мәртебесінің күрт өсуінің нәтижесінде жеке тұлғалар арасында діннің ғылыми анықтамасынан гөрі оның сакральды мәні басты орында тұрғаны белгілі.

Ортағасырларда дін қоғам өмірі мен мәдени ортаның барлық салаларына дендеп еніп, жеке адамның өміріндегі жетекші рөлге ие болғанымен, кейіннен оның біртіндеп екінші орынға ысырылып, оның орнын басқа құндылықтар баса бастады. Бұл бір ғасырдың ішінде орын алған жоқ, ол бірнеше ғасырлар бойы орын алған күрделі

үдеріс болды. XX ғасырда дін шынында да өзінің бұрынғы мәртебесінен айырылып, беделді инстанция ретіндегі ролінен қол үзіп қалды. Осылайша оның адам өмірінің әртүрлі сферасына әсер ететін бастапқы міндеті ұмытыла бастады. Секуляризацияның қарыштаған кезеңі батыс әлемінде XX ғасырдың ортасында орын алды. Секулярлық мәдениет басымдыққа ие болып, ғылым мен зайырлы білім барлық ақиқаттың өлшемі ретінде анықтала түсті. Бірақ, жаңа ғасырдың басталуымен дін адамзат санасында қайта жаңғырып, ғасырлар бойына айырылып қалған өзінің бұрынғы мәртебесін қайтадан қалпына келтіре бастады.

«Постсекулярлы қоғам» қазіргі кезде кері үдеріс жүріп жатқанын, яғни діннің қоғамдық сфераға қайта оралып жатқанын білдіретін термин. Біз бұл процесті күнделікті өмірден көріп, байқап жүрміз. Осымен қатар тағы бір термин десекүляризация да қолданысқа ие болуда. Оны американ әлеуметтанушысы Питер Бергер енгізген. Ол алғашқыда секуляризация үдерісін қайтымсыз деп тауып, қоғамда дін өзінің ролін түпкілікті жоғалтты деп есептесе, ХХІ ғасырдың бастауында ол ойынан қайтып, әлемнің дінге қайтадан бетбұрыс жасағанын мойындаған еді. Десекүляризация дегеніміз діннің қоғамдық санада нық орнығып, секулярлық үдерісінің тоқтатылуы дегенге саяды.

Постсекулярлы үдерістерге талдау жасау кезінде бұл мәселеге негізгі екі ыңғайды атап көрсетуге болады. Оның бірі ресейлік дінтанушы Александр Крылежевтың «Постсекулярлы кезең» атты мақаласында нақты келтірілген. Крылежев постсекулярлы деп секуляризация үдерісінің аяқталуынан кейінгі кезеңді айтады. Өз кезегінде постсекуляризация постмодернге келіп тіреледі. XX ғасырдағы тоталитарлы режимге қарсы күреске қатысы бар постмодерн дінді секулярлы идеологияның басымдығынан азат етуге ықпалын тигізгені белгілі. Сонымен қатар Крылежевтың ойынша постмодерн діни плюрализмге де өте күшті түрткі болып отыр.

Жаңа кезең оның ойынша секуляризацияның нәтижелерін теріске шығарып, оны мүлде жоққа айналдыра алмайды және постсекуляризация кері үдеріс дегенді де білдірмейді (десекүляризация). Бұл ұғымдар бір-біріне қарама-қайшы қойылмайды, постсекулярлықтың секулярлықтан кейінгі деген мағынаға саяды.

Бұдан байқайтынымыз әлем зайырлықтан аяқ асты қол үзіп, аз уақытта діндарлық адамдар санасында басты орынға шығып кетті дегенді білдірмейді, ол XX ғасырдағы теория-

лар бойынша дін өз алдына әлеуметтік институт ретінде өмір сүруін тоқтатады деген пікірдің ақталмағандығын, керісінше, діннің жеке адам мен қоғам өміріндегі ролі мен мәртебесінің күшейе түсуін айғақтайды. Секуляризация үдерісі жоба ретіндегі өзінің өзектілігін жоғалтып, оның ғылыми дәйектілігі маңызын жоғалды.

XX ғасырда біздің қоғамымызда орын алған атеистік идеологияның тіпті сол кездің өзінде толықтай жүзеге аспағаны белгілі. Өкімет пен коммунистік партия қанша жерден дінге тыйым салып, атеистік идеологияны халық санасына сіңіруге тырысқанымен жеке адамның өзіндік ұстанымдарын, ішкі рухани жан дүниесіне толығымен үстемдік ете алмағаны тарихтан белгілі. Тарихқа үңілетін болсақ, қасиетті әлем мен оның бұрмаланған екінші бір беті іспеттес осы өмір, діндарлық пен дінсіздік, идеализм мен материализм қашанда бітіспес қарама-қайшылықта болып келді. Қазіргі кезде адамзаттың дүниетанымдық ұстыны өзгеріске ұшырап, бұрынғы сакральды деп есептелінген дүниелерге, құндылықтарға қайта оралуда. Секуляризация кезіндегі діннің ролінің күрт төмендеуін қазіргі кездегі, керісінше діннің ролінің күрт өсуімен салыстыруға болар еді.

Британдық ғалым Майк Кинг «постсекулярлық» түсінігін секуляризацияның дінге қарсы идеология ретіндегі үстемдігінің ақыры және оның орнына сенім мен ақылды, ғылым мен дінді ымыраға келтіру ретінде айқындауға шақырады.

Екінші ыңғай кейінгі жылдары постсекулярлық қоғам жайлы қалам тартып жүрген және осы идеяның бастаушыларының бірі болған атақты неміс философы Юрген Хабермастың атымен тығыз байланысты. Хабермас үшін «постсекулярлық» ұғымы секуляризация белгілі бір шекке келген, зайырлылық толықтай бекіген қазіргі батыстық қоғам кездесіп отырған жаңа хал-ахуалды білдіруге негізделген. Оның ойынша қазіргі Европадағы қоғамдық сананы суреттеу үшін «постсекулярлық қоғам» ұғымы дәл келеді. Себебі, бұл қоғам қазіргі таңда үнемі секуляризацияланып жатқан ортада діни қауымдастықтардың одан ары да өмір сүруін құптайды және оған икемделе береді [3]. Секуляризация теориясының бұл өзгертілген нұсқасы діннің болашақтағы роліне байланысты болжамдарды оның ішкі мәніне қарағанда көбірек қозғайды.

Басқаша айтқанда, «постсекулярлық» секулярлық қоғамның дінге қарсы идеологияға

деген қажеттілігі тоқтатылып, оның орнына секуляризация үдерісін бастан кешпеген діни қауымдастықтармен қарым-қатынасын реттеу қажеттілігі туындаған жаңа құралы деп қарауға болады. Хабермастың ойынша қазіргі кезең басынан кешіріп отырған рухани дағдарыстан шығу үшін діни дәстүрлер мен оның құрамындағы құндылықтарды қолдана алады. Дегенмен, кейбір зерттеушілердің атап көрсетуі бойынша неміс философы көрсеткен батыстық постсекулярлық қоғам мен посткоммунистік кеңістіктегі дін мен мемлекеттің арасындағы әрекеттесу формасы арасында үлкен айырмашылық бар [4].

Осылайша, «постсекулярлық» ұғымына байланысты екі ыңғайды салыстыра аламыз: оның бірі «постсекулярлықты» секуляризацияның орнына келген жаңа кезең деп таныса, екіншісі – секулярлық идеологияның қоғамға дінді енгізуге әрекет ету құралы деп түсіндіреді.

Сонымен бірге, айта кетер бір жайт, Хабермас тек өз басынан секуляризация үдерісін кешірген қоғам ғана постсекулярлық деп атала алады дейді. Шынында да байқап отырғанымыздай, секуляризация үдерісі барлық әлемді толық қамти қоймады, сондықтан, әсіресе шығыс әлемін, оның ішінде араб қоғамын қандай өркениетті бастан кешіріп отырса да постсекулярлық деп айту шындыққа сәйкеспес еді, себебі, олар ешқашан діннен мемлекеттік деңгейде қол үзіп кеткен кезі болған емес. Сондықтан бұл ұғымды қолдану негізінен батыс елдері мен кезінде коммунистік-атеистік идеологияны ұстанған мемлекеттерге қатысты қолданған қолайлы. Секуляризация үрдісі батыстан басталғаны белгілі жайт. Осыған орай, батыстық ғалымдардың зерттеулері мен ойларындағы «постсекулярлық» ұғымы батыстық емес қоғамдарға қолдану қаншалықты сәйкес келеді деген ой туындайды. Ортақ теориялық алғышарттарға қарамастан (рационализм Ағартушылық, дінді ғылыммен ауыстыру), коммунистік қоғамдағы секулярлық мүлде басқа сарында жүргізілді. Негізінен кеңестік мемлекеттерде бұл үрдіс күштеумен жүргізілді. Кеңес Одағында дін батыстағыдай бейбіт түрде екінші орынға ысырылған жоқ, ол әлеуметтік тәжірибеден күшпен алынып тасталды. Мұндай сегрегацияның нәтижесі діни тәжірибенің профандалуына әкелді [5]. Сондықтан посткеңестік кеңістікте постсекулярлық қоғамның орын алуын батыстық үлгіден өзгешелеп қарастырған дұрыс.

Дін басқа қоғамда қоғамдық-саяси өмірге белсенді атсалыса алатынын да естен шығармаған жөн. Батыс Европада ортағасырларда болған схоластика ілімінің кереғар жақтары, инквизицияның

жан шошырлық нәтижелері, шіркеудің қуғын-сүргіні іспеттес құбылыстар дінді толықтай жарамсыз дүниетаным, қоғамдық шындықтан алшақ жатқан алдамшы дүние, эмпирикаға мүлде сәйкеспейтін, демек қоғамға зиянынан басқа пайдасы жоқ бос әурешілік деген көзқарастарға әкелді. Осының нәтижесінде рационализм, сциентизм, гуманизм, либерализм сынды дүниетанымдық-әдіснамалық мақсаттар басты орынға шығып, олар негізінен діннің адамзат өміріндегі пайдалы жақтарын теріске шығарды. Европадағы ағартушылық дәуірі толықтай ғылымилықты абсолюттендіріп, оған оппозиция ретінде діни дүниетанымның пәрменін терістеген еді. Гуманизм идеясы қоғамдық және тарихи дамудың көзі деп тұлғаның догма мен ырымшылдық, соқыр сенімнен азат болып, сотериологизм, провиденциализм, эсхатологизм, теизм, креационизм секілді дәлелсіз түсініктерге бос уақытын өткізбейтін, сыни ойлай алатын, қандай да бір қияли ойдан тәуелсіз азамат ұғымын мұрат тұтты. Осындай үрдістердің қоғамдық өмірге енуі жеке адам өміріндегі құбылыстар мен заттардың десакрализациясына әкелді. Осының бәрі дінге қарсы жүргізілген идеологияның, әлеуметтік-мәдени және ғылыми-техникалық прогрестің әсерімен жүзеге асты. Десакрализация дінді аяусыз сынға алуға, оның жеке адам мен қоғам өміріндегі алар орнын жоққа шығаруға тікелей себепкер болды. Ахлақ, құқық, саясат, өнер, философия діннен толықтай арылып, одан іргесін аулақ сала бастады.

Десакрализация батыстан бастау алған секуляризация үдерісінің бір аспектісі болып табылады. Бұл үдеріс өз кезегімен жүзеге аса бастаған пантеизм, скепицизм, материализм, нигилизм, атеизмге келіп тірелді. Осы үрдістердің нәтижесінде қоғамдық санада секуляризм идеясы нық орын ала бастады. Ақыр соңында діни дүниетанымның орнын әлемнің ғылыми картинасы, креационизмнің орнын әлемнің жаралуы туралы ғылыми гипотеза, діни тыйымның орнын азаматтық құқық, діни ахлақтың орнын қоғамдық көзқарас пен мемлекеттік заңға сыйымды азаматтық ар-ұждан кодексі басты. Дінге сенушілердің өз іс-әрекеттеріне ақылға сыйымсыз дүние деп қарауы қалыптасып, тіпті дінге деген жеккөрініш басымдыққа ие болды. К. Маркстың «Сананы тұрмыс билейді» деген нақыл сөзінің осы бастапқы өтпелі кезеңдегі орын алған үрдістерге қатысты өзектілігі шынтуайтында белгілі болды. Ф. Ницшенің «Құдай өлді» деген идеясы жұртшылыққа алғашында үрейлі естілгенімен, біртіндеп жүргізіліп жатқан

секуляризм идеологиясы өз нәтижесін бере бастады. Бірақ бұл идеяны қолдаушылар да, оған қарсы шығушылар да уақыт өте келе діннің қоғамдық санадан мүлде ысырылып шығып қалуының мүмкін емес екендігін байқады. Дінді иллюзия немесе апиын деп есептеген К. Маркс пен Ф. Энгельстің де болашақта ғылыми рационалдылық діни иррационалдылықтан толықтай жоғары қойылып, үстемдік құрады деген идеялары да қазіргі таңда өз мәнін жойды деп сеніммен айта аламыз. Бұл теориялардан көп уақыт өтпей-ақ барлығы өзгеріске ұшырады. Соңғы инстанция деп есептелініп келген ғылымның беделі де мызғымас емес екендігі аян болды. Адам өмірінің барлық аспектілерін тек ғылыми критерийлермен өлшеуге болмайтыны белгілі болды. Қазіргі кезде жоғары білімі бар азаматтың дінге сенуі мен діндарлыққа берілуі және керісінше діндар адамның ғылыми-техникалық жетістікті меңгеріп, оны қажетті кезде пайдалануы, тіпті діни орындарда, құлшылық жасау орталықтарында осы ғылыми жетістіктерді қолдану әдеттегі нәрсеге айналды. Әрине, аса фанатизмге берілген теріс ағымдардағы «бидғат қосу» дегенді желеу етіп, ортағасырлық білімге қайтып оралуды құптайтын тұлғалар да баршылық, бірақ олардың үлес салмағы біршама төмен деп айта аламыз.

Қандай қоғамда өмір сүрмесін, адамзат саналы тіршілік иесі ретінде қандай да бір себеп-салдарлық қатынас пен руханилықтан қол үзе алмайды. Руханилық қазіргі кезеңде діндарлық ұғымымен сәйкес келеді. Дін қашанда қоғамда дүниетанымдық, мағына беруші, компенсаторлық, интеграциялық және дезинтеграциялық сынды әлеуметтік ролдерді атқарады. Діннің негізінде әлемді рухани тұрғыдан түсіну жүзеге асып, өмір, әлем жайлы қандай да бір бастапқы түсініктер қалыптасады, құндылықтар, нормалар, өмірлік мұраттар сияқты дүниетанымдық компоненттер құрылып, адамның жүріс-тұрыс, мінез-құлығын бағыттайтын бағдар анықталады. Діни сананың басқа дүниетанымдық жүйелерден айырмашылығы әлем-адам жүйесінде адамға көмекші ретінде қосымша тіршілік иелерінің болатынын растап, болмыстың ішіндегі құпия байланыстардың бар екендігін дәлелдейді. Бүтін болмыс әлемінде адам егер бір бостықты, жалғыздықты сезінетін болса, онда ол әлсіз, мүсәпір күйге түсіп, өмірдің мәнін жоғалтады. Ал егер ол не үшін өмір сүріп жатқанын, болып жатқан құбылыстардың заңдылығы мен мағынасын түсінер болса, онда оған күш-

қуат бітіп, қиындықтарды жеңуге мүдделі болып, төзімділік пен тағаттылыққа төселеді. Осының негізінде өмір мен өлім ұғымының шынайы мағынасын ұғынып, өлім алдындағы қорқынышты мағынасыз өмір сүру алдындағы қорқынышпен алмастырады. Парыз, ар-ұждан, ұят, адамгершілік, екінші дүниедегі тағдыр сынды түсініктер адамның іс-әрекеттеріне бастама болып, имандылық пен даналыққа жетелейді. Қазақтың «Өлімнен ұят күшті» деген даналығының мағынасы қайдан бастау алғанын осыдан аңғаруға болады.

Діннің дүниетанымдық функцияларының бір аспектісі – легитимизация. Егер тұлғалардың іс-әрекеттерінде қандай да бір шектеулер болмаса, онда әлеуметтік-мәдени ортаның өмір сүруі мүмкін емес екені белгілі. Бұл шектеулер белгілі бір жүріс-тұрыс, құндылықтар мен нормаларды қалыптастырады. Бұлар ахлақтық, құқықтық және эстетикалық жүйелерді тудырады, ал діни ғұрыптарды орындау арқылы адам оларды адамгершілік заңына сәйкес өмір сүру дағдысына айналдырады, яғни құндылықтық-нормативтік тәртіпті орнатады. Осылайша дін мінез-құлық, құндылықтар мен нормаларға адами болмысқа ешқандай да кеңістіктік және уақыттық себептерге қарамайтын, ешқашан бұлжымайтын абсолюттілік мәнін кіріктіреді. Бұл функция адамның рухани өмірін қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Дін сонымен бірге компенсаторлық функцияны да атқарады. Оның пайда болуы мен жұмыс істеуіне адамның қоршаған әлеммен толықтай үйлесімділікте өмір сүруіне ұмтылуы себеп болады. Дін сыртқы ортадағы күштерден тәуелсіз бола алатын сезімді тудырады. Діндар адам Құдайға сену арқылы табиғат пен социумға қатысты мүсәпірлік пен сенімсіздік сезімдерін жеңе алады және қандай да бір діни ғұрыптарды орындау арқылы өзінің ішкі қуатын жинақтайды. Мысалы, исламның бес парызын орындау арқылы белгілі бір қиындықтарды жеңуге талпынады және алдынан үлкен медет күтеді, атап айтсақ, ыстық мезгілдегі ораза ұстаудағы ағзаның талап етуіне қарамастан шөлге шыдау, таң намазына тұрудағы ұйқыны жеңу сынды сынақтар арқылы адам өзіне деген көңіл толушылық пен Жаратушының ризалығын аламын деудегі үміті оған қоршаған ортаның мағынасыздығы мен күрделілігін толықтай жеңуге бірден бір түрткі бола алады. Діннің негізінде трансцендентті бастама жатыр, ол осы өмірдегі тәуелділіктерден азат болуына, осылайша дін руханилықтың әлеуметтіктен, эстетикалықтан және басқа да

құндылықтық бағыттамаалардан жоғары тұруына ықпал етеді.

Дін отбасы, мемлекет, білім және өндіріс сияқты негізгі бес әлеуметтік институттың бірі болып табылады. Дін негізгі функциясы рухани қамсыздандырумен қатар экономикалық, саяси, мәдени және т.б. функцияларды орындай отырып, социумның өміріне өз ықпалын тигізеді. Тарихи даму барысында дін әртүрлі, тіпті қарама-қайшы функцияларды да атқаруы мүмкін. Мысалы, А. Рэдклифф-Браун діннің әлеуметтік функциясы топтың мүшелерінің ортақ қорқыныш пен үмітке тәуелді болып, осы арқылы әлеуметтік байланысты күшейтуге мүдделі болады деп атап көрсетті. Ол діннің әлеуметтік функциясы оның жалғандығы мен ақиқаттығына байланысты емес, себебі кейбіреулер қате немесе тіпті сандырақ деп есептейтін діндер әлеуметтік механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады [6].

Интеграциялық функциясы адамдар арасындағы өзара түсінісу мен мәдени сұхбатқа, қандай да бір сенімдегі адамға толеранттылықпен қарауы мен жалпы адамды жаратылыс ретінде сыйлауы мен құрметтеуіне негізделген діни түсініктер мен сапаларға негізделген. Мұхаммед (с.ғ.с.) иудейлер мен христиандықтарды кітап иелері деп атап, оларға түсіністікпен қарап, егер өздері мұсылман қауымына қауіп төндірмесе, оларға да ешқандай қарсы шықпауға үндеуі тегін емес. Кәпір деп жалпы исламда Жаратушыны мүлде жоқ деп есептеушілерді атаған, қазіргі тілмен айтқанда атеисттер. Шынтуайтында діни тәрбие адамға тағаттылық пен сабырды, қоғамдағы реттілік пен тәртіпті уағыздау арқылы жақын адамыңды жақсы көр, басшыға бағын, оған қарсы шықпа деген секілді ғибратты істерге шақырады. Бұл әлемдік діндердің де, ұлттық діндердің де басты қағидаларының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда діннің саясиленуіне байланысты діннің дезинтеграциялық функциясы да өкінішке орай өз үлес салмағын қоғамдық ортадан ойып алуда. Әлемдік діндердің өзі бастапқыда ұлт пен ұлысқа қарамастан барлығын жаратқан ұлы Жаратушы деген ілімді ұстанғанымен, кейін келе өз ішінде идеологиялық тартысқа тап болып, жікке бөліну басталды. Исламның ішіндегі сунниттер, шииттер, хариджиттер сияқты ағымдар мен мазхабтарға бөлінуі, христиандық шіркеудің 1054 жылы батыстық және шығыстық болып жіктелуі, буддизмнің ішіндегі махаяна мен хинаяна сынды ағымдарының ерекшеленуі өзге дін түгілі өз діні ішіндегі тартыс-таласқа ай-

налып, тіпті қантөгіске ұласуына бірден бір себепкер болған факторға айналды. Қазіргі кезеңде бұл құбылыс қоғамдағы діни сарындағы сепаратизмге, қоғамдық дезинтеграцияға әкелуде. Діндарлар арасындағы «біз шынайы сенімді ұстанушылармыз, ал қалғандар дінсіздер, пұтқа табынушылар» деген сынды қатаң дихотомия конфессиялар арасындағы қақтығыстардың ең басты себебі болып отыр. Бұл әсіресе жаңа сектанттық бағыттарға тән негізгі ерекшелік. Қандай да бір құндылықтардың, нормативті ұстанымдардың, ілімдердің, культтер мен ұйымдардың әлеуметтік-мәдени бастамасы ретінде дін белгілі бір қауымдастықты басқа бір қауымдастықтарға қарсы қояды. Бұл қарама-қайшылық әртүрлі конфессиялар арасындағы қақтығыстың себебіне айналып, сыртқы дезинтеграцияны ушықтырып, ішкі интеграцияны күшейтуі әбден мүмкін. Осылайша, дін бір сенімдегілер арасындағы интеграцияны күшейте отырып, басқа сенімдегілерге деген агрессияның көзі болып табылады. Ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» деген өлеңінде:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
«Інжіл», «Құран» бәрі айтып тұрса-дағы,
Адасып ардан күсіп, қара басар, –

дейді. Шәкәрімнің сөзінен бағамдайтынымыз Інжілдің де, Құранның да негізгі идеясы – мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік. Демек, діншілдіктің де өлшемі осылар болуы тиіс. Өкінішке орай қазіргі таңдағы әлемдік деңгейдегі саяси хал-ахуал бұған кері әсерін тигізуде.

Дін қанша жерден қоғамдық өмірге қайта оралып, бұрынғы мәртебесін қайта орнатуға тырысқанымен қазіргі қоғамдық ортада діни мен діни емес түсініктердің арасындағы айырмашылық азая түсуде. Постмодернистік құндылықтар дінді бұрынғы формасында емес, жаңа бейнеде көрсетуде. Қазіргі діндар адамдардың санасында синкреттілік, жаңа сарындағы идеялар басымдық танытып отыр. Осының негізінде әртүрлі жаңа, жат ағымдар қаулап өсіп, олар дәстүршілдіктен гөрі жаңа идеяларды басшылыққа ала отырып, нақтылықтан алшақ жатқан қарама-қайшылыққа толы ілімдердің санын көбейтуде. Бұл үрдіс дәстүрлі діндерге деген қарсы тұрушылыққа ұласып, қоғамдағы плюрализмнің бірден бір себебіне айналуы. Бұл да постсекулярлы қоғамның бір бет-бейнесі болып табылады. Діни сферадағы плю-

рализм қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамның жегістіктеріне сүйене отырып тез таралуда. Кез келген дінге қызығушылығы бар тұлға ғаламтор желісін пайдалану арқылы өзіне қажетті деген мәліметтерді игеріп, пайдаланып, ол үшін қандай да бір діни орталыққа бармай-ақ қолжетімді материалдарды әжетіне жарата алады. Ал бұл діннің қоғамдық ортада тез таралуына әсер еткенімен, діни сакральдылық пен оның шынайы бет-бейнесін мүлде басқа келбетте түсіну мен қабылдауға әкеледі.

Бұдан ой түйеріміз, постсекулярлы кезеңде дәстүрлі діндердің қайта оралуы мен өркендеуімен қатар дінді бетперде еткен мүлде басқа сарындағы дүдәмал бағыттардың да ролінің күшейе түсуіне толықтай жағдай жасалып отырғандығы. Бұл үдеріске халықтың діни сауатының әлі де болса кешеуілдеп жатуы мен атеистік қоғам қалдырып кеткен ойсыраған рухани саланың салдарлары да біршама ықпалын тигізуде. Көптеген авторлар постсекулярлы кезеңдегі діни жаңғырулар синкреттікке, оккульттікке, эзотерикалыққа негізделген мистикалық қозғалыстар формасында көрініс табады дейді. Оған мысал ретінде осындай бір қозғалыс түрі Нью Эйджді (ағыл. New Age, «жаңа дәуір») алуға болады. Ресейлік дінтанушы Павел Костылев бұл ағымдар жайлы көзқарасын былай баяндайды: «Қазіргі таңда тарих сахынасына діннің орынын алып отырған жаңа күш шықты, оның нақты атауы да, анықтамасы да жоқ. Бұл күш діннің функциясын заңсыз иемденіп отыр, ол идеологияның билік ету феноменінен, квазидіндік формалардан, нью эйдж қозғалыстарынан көрініс тауып отыр [7].

Бұл қозғалыстар қазіргі постмодернистік мәнмәтінге толықтай кірігіп, рухани жолдағы адам ретінде ешқандай да нақты діни дәстүрлермен байланысы болмаса да Құдайға сенетін, ешқандай да қасиетті дұға оқымаса да Жаратушыға үнемі жүгінетін жан санала бастайды. Осындай жағдайда «діни» және «діни еместің» арасындағы шекара жойылады.

Ресейлік ғалым Дмитрий Разумовский Иса пайғамбардың (р.а.) туған күнін атап өту мерекесінің постмодерннің әсерінен болған трансформациясы жайлы пайымдай отырып, постсекулярлы кезеңнің басты белгісі діннің бейнесін өзгертуге деген талпыныс болатынын атап көрсетті. «Квазидін», «псевдодін», дін симуляциясы – бұлар постсекулярлы қоғамдағы жаппай діндарлықты бейнелеуге арналған терминдер.

Әдебиеттер

- 1 Байтенова Н.Ж., Демеуова А.Д. Религия и общество: современный дискурс. – Алматы, 2015. – 169 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 233 б.
- 3 Хабермас Ю. Постсекулярное общество – что это? Часть 1 // Российская философская газета. – Апрель. – 2008. – №4 (18).
- 4 Гараев Д. Здравствуй, постсекулярное общество! (или спасибо Хабермасу). URL:http://www.muslimblog.ru/publ/avtory/danis_garaev/zdravstvuj_postsekuljarnoe_obshhestvo_ili_spasibo_khabermasu/16-1-0-176 (дата обращения: 28.04.2016).
- 5 Аникин Д.А. Конструкция религиозного пространства: механизмы и методы социализации // Социализация молодежи в современной России: проблемы и перспективы / под ред. Е.Н. Медведевой. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 2010. – С. 66–74.
- 6 Забияко А.П. Партиципация // Религиоведение. Энциклопедический словарь / под ред. А.П. Забияко, А.Н. Красникова, Е.С. Элбакян. – М., 2006. – С. 748.
- 7 Костылев П. Н. Танго для узурпатора: [Реален ли постсекулярный мир?] // Русский журнал [<http://www.russ.ru>]. – 2009. <http://www.russ.ru/pole/Tango-dlya-uzurpatora>.

References

- 1 Bajtenova N.Zh., Demeuova A.D. Religija i obshhestvo: sovremennyj diskurs. – Almaty, 2015. – 169 b.
- 2 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamұra, 1999. – 233 b.
- 3 Habermas Ju. Postsekuljarnoe obshhestvo – chto jeto? Chast' 1 // Rossijskaja filosofskaja gazeta. – Aprel'. – 2008. – №4 (18).
- 4 Garaev D. Zdravstvuj, postsekuljarnoe obshhestvo! (ili spasibo Habermasu). URL:http://www.muslimblog.ru/publ/avtory/danis_garaev/zdravstvuj_postsekuljarnoe_obshhestvo_ili_spasibo_khabermasu/16-1-0-176 (data obrashhenija: 28.04.2016).
- 5 Anikin D.A. Konstrukcija religioznogo prostranstva: mehanizmy i metody socializacii // Socializacija molodezhi v sovremennoj Rossii: problemy i perspektivy / pod red. E.N. Medvedevoj. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo un-ta, 2010. – S. 66–74.
- 6 Zabijako A.P. Participacija //Religiovedenie. Jenciklopedicheskiy slovar' / pod red. A.P. Zabijako, A.N. Krasnikova, E.S. Jelbakjan. – M., 2006. – S. 748.
- 7 Kostylev P. N. Tango dlja uzurpatora: [Realen li postsekuljarnyj mir?] // Russkij zhurnal [<http://www.russ.ru>]. – 2009. <http://www.russ.ru/pole/Tango-dlya-uzurpatora>.